

М. Ә. ЙЫЛМАЗ

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТҮРКИЯДАҒЫ АЙТЫСТАРДЫҢ ДӘСТҮР ЕРЕКШЕЛІГІ

Айтыстық өнер мәдениет атаулының маңызды бір бөлігін құрайды. Ақындық – заман сынынан өтіп қалыптасқан, өзіне тән орындаушысы, салт-дәстүрге сүйенген жасамы, ақын болу және ақындықты жалғастыру үшін орындалуы қажет ережелері бар бір дәстүр. Түркі дүниесі өте бай және тамыры тереңге жайылған мәдени өткенге ие. Бұл мәдени байлық ақындық өнер – өлең дәстүріне де қатысты. Бұл дәстүрдің жемістері қоғам тіршілігін оқиғалар және жағдайлар алдындағы қатынасына, айналасына, дүниені тануға септігін тигізеді. Тарихи даму кезінде түркі адамының мәдени қалауының және жеке басының танылуында үлкен рөл атқарады. Ақындық дәстүр қоғам тіршілігінде қарым-қатынасты, бірлікті жақтайды. Ақындық дәстүрдің халықтың ортақ ой-арманын сөз етуі арқылы Түркі мәдениетінің қорғауында өмір сүруінде маңызды қызметі бар [1,43].

Түркі дүниесі мәдениетінің ең дамыған саласы – ақындық дәстүр. Бұл дәстүр Түркі мемлекеттері мен халықтары арасындағы ортақ бір мирас. Ол тың негізі – ортақ тіл, тарих және бір мәдениетті бөліскен қоғамның бір тамырдан бастау алуы. Ақын тілек пен үміттерді сөз етуші, халықтың және тарихтың жаңғыртушысы, ауыз-екі сөз мәдениетінің дамытушысы ретінде халық арасында үлкен қошаметке ие. Ғасырлар бойы ұланғайыр аумақта дамыған ауыз әдебиеті белгілі бір себептерге байланысты өзгеріске ұшыраса да, өз негізін, мәнін, құнын жоғалтпастан келесі ұрпаққа жеткізіліп, түркі халықтары арасында әртүрлі аталғанымен, өз ерекшеліктерін сақтай алды. Түркі тайпаларын қалыптастырған элеуметтік даму мен өзгеріс бір уақытта және бір жерде іске асырылмауы; әртүрлі тіршілік жағдайы мен дәстүрінің түрліше қабылдануы және аталуы бірдей заттарды түрліше қолға алынуына, дамуына себеп болған [2,620]. Бұл ортақ мәдени құндылықтардың арасында «айтыс» ерекше орын алуда.

Айтыс көшпенді халықтардың барлығында дерлік көрініс тапқан өнер түрі. Бірақ кей халықтарда аз дамып, тіпті кей халықтарда ұмытылып кеткен. Сол уақытта жазу-сызудың болмауы ауыз әдебиетінің дамуына, көркеюіне, ауызша жарыс, сайыстардың кең аймақтарда таралуы айтыстың ортаға шығуына себеп болды. Бүгінгі таңда түркі халықтарының арасында басқа атаулары, түрлері, ерекшеліктері бол-

са да, айтыстың әлі де өз құнын жоғалтпағанын көреміз. Түркияда «атышма» деп аталатын бұл түр қазақ пен қарақалпақтарда «айтыс», әзірбайжандарда «дейишме», қырғыздарда «айтыш», өзбектерде «аския» деп аталады. Сонымен қатар қарашай, балқар түріктері болса суырыпсалма дәстүрлеріне «айтыш», Қырым татар түріктері болса «чын немесе мане», Қырым ноғай түріктері «дейишмедже», Құмық түріктері «такмак» атауларын беруде.

Ортақ түркі тарихында алғашқы айтыс үлгісі ретінде Махмұд Қашқаридың «Диуани Лұғат ит Түрк» еңбегінде орын алған Жаз бен Қыстың «Айттым-айтты» айтысын айта аламыз. Бұл түркі әдебиетінде Доктор Тургут Гюнай [3, 253-257]. Хайреттин Ивгин [4, 115-144]; әзірбайжан әдебиетінде Вакиф Велиев [5, 204]; қазақ әдебиетінде М. Жармұхамедов [6, 8-9] зерттеді. Бірақ атышмада ең азы екі ақынның кезекпен сөз сөйлеуі басты ерекшелік болса, айттымайты түріндегі өлеңдерде ішкі бір айтыс бар, яғни ақын әрі өз сөзін, әрі қарсыласының пікірлерін сөйлеуімен ерекшеленеді.

Айтыс түрі бүгінгі таңда қазақтар арасында да Түркия түріктері арасында да түрлі ерекшеліктер, ұқсастықтарымен өз өмірін жалғастыруда. Айтыс жанры – жағдай өткен тарихы ортақ екі бауырлас қоғамның тарих және мәдениет бірлігінің көрсеткіші. Түріктердің Орта Азиядан көшуінен бері ғасырлар өтсе де, айтыстың екі халықта да тууына және өркендеуіне кедергі бола алмады. Ортақ тарих, мәдени мирас және рухани сәйкестіктер ұқсас түрлердің қалыптасуына жол ашты. Айтыс бүгінгі күні де ортақ әдебиеттің және мәдениеттің көрсеткіші қатарында.

Әдеби жемістердің қалыптасуында және түрленуінде тарихи және мәдени мирастың маңызды рөлі бар. Әр әдеби дәстүр белгілі бір мәдени бірлікті, дүниеге көзқарас және наным жүйесінің, тіршілік қалыбының өнер адамдары тарапынан ассимиляцияланып, жорамалдануымен бастапқы, нақты мағыналарға қауышады [7, 101-104]. Мәдениет бастауларының Орта Азиядан Анадолыға ғасырлар бойы жалғасқан бір уақыт ішінде, халық өлең өнерін түрлендіруші бір әсері бар. Әлеуметтік жасам, бағынышты болған қоғамның мәдениет мүшелерімен бейнеленеді. Мәдениет әр қоғамдық мүшеде көрініс

тапқан бөлшек [8,13]. Түріктердің қабылдауынан кейін әдеби түрлер жаңа Ислами реңкке боялып өз қолданысын жалғастырған. Жаңа мәдениет қажеттілігі аңыздарға өрүлі дастан өлеңдері Ислами мүшелермен толы өлеңдерге айналған [9, 9-18]. Ақындық әдебиетте дәстүр, басқа мәдени құндылықтарда болғанындай, белгілі бір қызметті іске асыру, бір қажеттілікті орындаумен қатар дәстүрлі мәдениет жаратқан бір шындық.

Айтыс – ақындардың өнер жарысы болуымен қатар ақындық дәстүрдің бір көрінісі және жалғасының символы. Әсіресе ақындар тек өздерінің емес, қоғамның пікірлерін де сөз етіп, бір мәдениет жаңғыртушысы ролінде және сонымен бірге өмір сүрген қоғам жарышысы ретінде алға шығады.

Ақындар айтыс негізінде өзі өмір сүрген қоғамның мәдениетін жаңғыртумен қатар оның атынан сөйлейді. Дәстүрді қолдай отырып түрлі оқиғаларды, теріс қылық көрсеткен адамдарды сынап, айыптайды. үгіт түріндегі өлеңдерде халықты ағартуды, білімдендіруді мақсат етеді. Ақын бір жағынан қоғамның заң даму заңдылықтарын әңгімелеумен қатар бір жағынан ақында болуы шарт ерекшеліктерді және ақындық ережелерді де сөз етеді. Айтыстарда ақындық дәстүр және айтыс дәстүрінің заңдары да ауызға алынады. Мысалы, ақын Мұдами мен ақын Чобаноғлу айтысында Мұдами ақындық дәстүрдегі жағдайды былайша баяндайды:

Бұл жер ер майданы, таңқалу да бар,
Шалма атып жерге құлату да бар,
Ғашықтық отында күйо де бар,
Шоққа түсіп лап-лап лаулама.

Чобаноғлу болса әрі ақындық дәстүрінде, әрі қоғамның мәдени жасамында көрініс тапқан дамуы тілге ала отырып жауап береді:

Чобаноғлу көңілінді қалдырман,
Дженабы Мевла нағашым-тірегім,
Жасың үлкен қолыңды сүйейін,
Кел татуласайық десем бас тартпағын [10, 351].

Ақын Чобаноғлу қайтадан Ташлыовамен болған жарысында айтыс ережелерін сөз етеді:

Сөзінді сөйле қане тілге пісірме,
Сөз бір алтын дер жерге түсірме,
Онсыз да ол семіз сен де семіртпе,
Шаршағанға түсіпті Баба Мұдами [10, 373].

Айтыстарда ақындық шеберлік пен өнер жарысы басты орында. Ақын ең әсем сөзді табуға, өлеңін өрбітуге тырысып қарсыласын сынайды да. Бұл – шеберлік көрсеткіші. Айтыс дәстүрінің жалғасы мұны білген ұста ақындарға байланысты. Мысалы, Ақын Рейхани мен Ақын Илхамидың айтысында Илхамидың сөз аяғын бұзуы Рейханидың көзінен

таса қалмай жауап береді:

Неге мені неге бұздың
Жолдарды қате жаздың
Жүгің ауыр болды ашуландың
үлкен Марсуман Илхами

Ақын Илхами болса жауабында:

Мына тілімді көптен жедім
Саған дедім мен бас иідім
Біле тұра бір сөз дедім
Түсіндің бірден Рейхани [11, 267].

Ақындық дәстүрі бойынша (ұйқаспен) өлең оқып, қарсылас ақынды қиын жағдайда қалдыру бір заңдылық ереже. Бұл бөлім «түкетмедже» делінеді. Ақын өлеңін берілген ұйқаспен құрайды. 1996 жылы Ерзурумда Гюлхани, Ақын Явузер, Рахими арасында болған жарыста Ақын Явузер берілген ұйқаспен түкетмеджеде жеңілген болатын. Ақын Гюлханидың:

Гюлханимын сұңғақ бойлы
Сөз айтармын саған ойлы
Рахим Сағлам сіздің жерлес
Сенемді әкім алып қашты,

өлеңіне жауабы:

Явузер шындықты ұстанып
Ауларды жағаға тартып
Жат елге бардым сатқан соң
үйімді әкім алып қашты [12, 234], –

деген. Бұл жағдай күлкіге жол ашты. «үйді әкім қалай алып қашады?» дескен. Бұл ұйқаста негізгі мақсат ұйқасты шатастырып «Анамды әкім алып қашты» жолын қарсыласына айтқызу еді. Бірақ ойлағандай болмады.

Түрік айтыс дәстүрінде қарсыластан өнер жағынан әлдеқайда жақсы өлең айту ұйқасқа және өлшемге ұйқасты жауап беру лайық болса, қазақ ақындық дәстүрінде басты сөз саптасы, ұшқыр ой және суырыпсалмалықпен қарсыласын жеңу. Ұйқас және өлшем Түркия ақындық айтыс дәстүріндегі сияқты қатал емес. Ұйқасты сақтау деген сияқты бір негіз жоқ. Тек қайым айтыс деген түрінде ұйқас сақталады.

Қазақтарда айтыс әу баста ақындық қабілетті таныту және бағалаудың бір өлшемі қалпында болса, кейін келе ақындық өнердің дәстүрленген бір мектебі халіне келген. Бүгінгі таңда айтыс дәстүрі тура мағынасын және ұлттық мәдениеттің ажырамас бір мүшесі және символы дәрежесінде. Тіпті айтыссыз қазақ өмірін көзге елестету мүмкін емес деген пікір де қалыптасқан.

Айтыс әлеуметтік жасам және мәдениетпен байланыстыру керек, өйткені қоғамның қажеттіліктерімен ортаға шыққан бір түр болып табылады. Ақындар қоғам тарапынан сыйластықпен қабылдауда, өйткені олар халықтың сөзшісі. Ақын –

қоғамның мәдени өзгеруімен параллель бола тұра және қажеттілігіне байланысты жемістерін беруде. 19 ғасырда және 20 ғасырдың бірінші жартысына дейін қазақтар арасында айтысу рулар арасындағы жарыс бола тұра өзгерген өмір жағдайлары, шарттар және мәдени өзгеріспен қатар бұл дәуірден соң көбірек тұрғылықты жерлер арасындағы жарысқа айналған. Осылайша айтыс тақырыбы өзгерген өмір шарттарын және мәдениетке тұспа-тұс жүйені сипаттаған немесе қоғамдық жүйесін жаңғыртатын бір өлшемге кірген [13,13].

Мәселен 1936 жылы өткен Саяділ мен Майса қыз айтысында Майса қыз Саяділге берген жауабында айтыстағы өзгерісті тілге тиек етеді:

Болды ғой бұл өз әлінше бір жаңа айтыс,
Мұндайда ең қызығы қару қайтыс.
Азды-көпті айтыстың, Саяділім,
Бұрынғыдай болған жоқ ру тартыс.
Талайлардың мұқалып көңілдері,
Майсаның өлеңінен болған запыс.
Бұл айтыста жеңілген, жеңген де жоқ,
Осымен еліңе қайт, ақын байғұс [14,620].

Қазір қазақ айтыс дәстүрі жаңадан түрленуде. Айтыстар жыл сайын ауыл, қала, облыс және республика деңгейінде ұйымдастырылуда. Бұл сайыстарға қатысушы және тыңдаушы тарапынан айтарлықтай көңіл бөлінеді. Әр аймақтың басты ақындары айтысса, төрешілер бұл жарысты бағалайды. Соңында жыл айтысы таңдалады. Айтыс бұрынғыдай бірнеше сағат, тәуліктер бойы өтпей уақытпен шектелген. Бұл жағдай бүгінгі айтыстың ең болымсыз ерекшелігі саналады деуге болады. Өйткені айтыскерлер де тыңдаушы халық та толқудың шырмауына жеткен кезде уақыттың шектелуі себебімен айтысты тоқтатуға тура келеді. Атам заманнан ақындар осылай шабыттана сөйлегендері сондай, жүргізушілерді тыңдамай айтысты жалғастыра берген. Бұл ақырында тыңдаушы бұқараның көңілінен шығып отырған.

Теледидардан да айтыстарға үлкен мән беріледі. Әр апта соңында елдің түкпір-түкпірінен арнайы шақырылған екі айтыскер студияда көрермендер алдында тікелей айтысады. Бұл айтыстарда жаңа бір жүйенің қалыптасқанын көруге болады. Өйткені белгілі дәуірлерде өткізілген кең көлемді жарыстарда болмаған ережелер жүзеге асырылады. Айтыс басталардың алдында «ақсақал» атты қатрттар бата бергеннен кейін кезек айтысқа беріледі. Бірінші бөлімге «танысу» аты беріліп, бұл бөлімде ақындар өздерін таныстырып сәлемдеседі. Екінші бөлім «тақырып айтыс», яғни белгілі бір тақырып төңірегінде айтысу. Бұл бөлімде алдын ала дайындалған жеті тақырыптың біреуі таңдалады және ақындар осы тақы-

рып төңірегінде берілген жеті минутта бір-бірімен айтысады. үшінші бөлім «түре айтыс» деп аталады. Айтыстың негізгі бөлімі де осы. Ақындар өздеріне берілген 10 минуттық уақытта қарсысындағы ақынды сөз және өнерде жеңуге тырысады. Төртінші және соңғы бөлім «қайым айтыс» деп аталады. Бұл бөлімде ақындар берілген әр 5 минутта қарсыласының өлеңінің бірінші екі жолын қолдана отырып жаңа бір төрттік, яғни шумақ құрып жауап береді. Айтыс кезінде көрермендер телефонмен немесе СМС арқылы дауыс беру мүмкіндігіне ие, студия көрермендері де дәл сол жерде дауыс бере алады. Осылайша айтыс бітер кезде берілген дауыстар нәтижесінде орындар белгіленіп ақындар түрлі сыйлықтармен марапатталады. Осыдан кейін жеңген ақындар арасында жаңадан жарыс ұйымдастырылып, ең соңында Қазақстанда жыл айтыскері айқындалады.

Ақындық дәстүрдің жалғасуында айтыстың рөлі ерекше. Ұлттық сипат тасыған айтыстың жандануы келешекке және кейінгі ұрпаққа лайық бір пішінде жеткізілуі керек. Қазақстанда Кеңес дәуірінде өзгеріске ұшыраған және бірталай уақыт дамуы тежелген айтыс дәстүрінің соңғы кездерде қайта өркендеуі және жаңадан ұлттық мәдениетке оралуының аясында Түркиядағы айтыс дәстүрінің де дәл сол арнада даму қажеттілігі ортаға шықты. Ақындық дәстүрдің одан әрі жалғасуы үшін қажетті заңдылықтар мен алдын-ала қабылданатын шешімдер бар. Мұндай шаралар әрі мемлекет, әрі университеттер сияқты іздестіруші мекемелер, әрі қарапайым халық үгіттері, әрі ақындардың өздері тарапынан іске асатын бір топ ережелер аясында іске аспақ.

Мемлекеттік мәдени басқармалар жағынан ақындар айтысы қолдаушы бағдарламалар қалыптастырып рухани және материалдық қолдау көрсетуі тиіс. 1966 жылдан соң өткізіле бастаған Кония Ақындар Мерекесі сияқты қолданысын көбейтуі тиіс. Тіпті турнир түрінде айтыстар ұйымдастырылып қала, аймақ және мемлекет аумағындағы жарыстар өткізілуі керек. Осылайша ақындар бір жарыс толқынына еніп, осылайша қолдаушы халық қауымдардың қалыптасуы іске асады. Осының аясында ақындардың да бір-бірін бұрынғысынан да жақын тану мүмкіндігі туады және дәстүр ұмытылмадан бір-бірін қолдаушы бір орта қалыптасады. Әсіресе жаңа әдіс және тақырыптар ортаға шығуы мүмкін.

Мемлекет қалыптасқаннан кейін ауылдық пен қалалық арасында мәдени бәсекелестік ортаға шықты. Хабарласу және қатынас құралдары мәдени бірлікті қолдады. Ақын өлеңдерінің таралуы енді

жаңа заманға сай қатынас құралдарының көмегімен іске аса бастады. Жаңа заман құралдарының көмегімен айтыстар одан да кең көлемде тарала бастады, бұл да осы өнер түрін бақылаушы бір тыңдаушы топты туғызады. Ақындар да тыңдаушы қалауын ескере отырып жаңа тақырып және түрлерде өздерін сынап, айтыстарға жаңа мотивтер қосылып бұрынғысынан да әсерлі бола түседі. Ақын да өз дауысын мақтан тұтып өнеріне көңіл бөліп өз-өзін «жаңалай» түседі. Бұл қолданыстың мысалын қазақ айтыс өнерінен көре аламыз.

Қазақстан ақындық дәстүрінің тәуелсіздіктен кейін жаңадан жандануында мемлекеттің және де жеке тұлғалардың да айтарлықтай үлестері бар. Алғашқы жылдары жеңген ақындарға көлік, үй сияқты үлкен сыйлықтар беріліп, айтыстар көлемді жарнамалар арқылы халыққа хабарландырылып отырған. Алғашында бұл жағдай кейбір өнер жанашырларының қарсылығына ұшырап, тіпті «айтыстар көлік ұту үшін ұйымдастырылып жүр» дегендері де болды. Бірақ уақыт өте келе бұл пікірлердің өткінші екеніне көз жетті. Бүгінгі таңда Қазақстанда жарыс (турнир) түрінде ұйымдастырылуында және әр апта соңы теледидардан берілуінде мемлекет сондай-ақ жеке тұлғалардың үлесі айдан анық. Бұл үлестер нәтижесінде керекті назар аударылып, енді талап етілетін бір көңіл көтеру мен мәдениет құжатына айналды. Ақындар да бұл назар мен талапты пайдалана отырып қазақ мәдениеті мен аспаптарын айтыстарда жиі-жиі тақырып ретінде қолдануда. Мысал үшін тақырыптық зерттеу деген бөлімде ақындарға туған мәдениетін жаңғыртушы және де жалғасуын көздеген темалар (тақырыптар) берілген. Ақындар берілген «Ата-ана хақы» «отбасының қасиеті» «Наурыз», «бауырластық» сияқты тақырыптарда айтыса отырып бұл құндылықтардың маңызын жеткізіп түсіндіреді.

Халық мәдениетін бақылап отыратын азаматтық топ та үгіттерімен қоса бұл жарыстарға рухани және қаржылай көмек көрсетуде.

Күнімізде ұста шәкірт қатынасы әлсірегендіктен дәстүрді білетін ақындардың да қатары сиреді. Бұл жағдайдан айтыс түрі де нәсібін алуда. Ақындар аталар мирасы болып қалған дәстүрді жан-жақты білуге және жас ұрпаққа оның қырсырын үйретуі тиіс. Ақындар бірігіп өнерлерін жариялап, оны халық көңілінен шығару жолында аянбастан еңбектену керек. Ақын – халық өнерпазы. Халық қалауы өнерпаз түрін, өнер түрін белгілейді. Дәстүрдің жастарға танытылуы үшін жиі-жиі мәдени жиналыстар ұйымдастырылуы тиіс. Бұны іске асыра отырып адам-

шылықтан кетпей халықтың үміттерін де назарға алына отырып айтыс өнері өз жалғасын табады. Бұрын ақын қырдағы халықтың, айтыс қыр өнері болса, бүгінде ол екі жақты болып отыр, даму кезеңінде ауыл мен қала арасындағы мәдени айырмашылық айтарлықтай азайды. Халықтағы дамуды және өзгерістерді байқағандарында жаңа түр және пішінімен дәстүр жасауды жалғастырады. Бұл да жаңа буындарды қамтып жаңалану әрекетінің басталуына себеп болады. Өйткені олар халықтың сөзшілері. Айтыстарына жаңа тақырыптар жалғасып, айтыс кезінде жүйеленуге барулары тиіс. Белгілі тақырыптарда айтыс түрлерін ортаға шығарулары керек. Мысалы өтірік айтыс, жұмбақ айтыс, әшкерелеу түріндегі айтыс немесе белгілі тақырып төңірегінде ұйқас пен тәртіпке сүйене отырып ең әсерлі сөз сөйлеу сияқты ақындық дәстүрді ортаға шығарған және тыңдаушының да көңілін аударатын мотивтер де ескерілу керек.

Бүгінгі күн ақындары әдеби дамуларды бақылай отырып адам шындығын жеке және қоғамдық өлшеммен тілге алғандарында сөз етіліп отырған қоғамның ерекшеліктерін ескере отырып, оқиғалар барысында тепкісіз қалып қоғамдық құндылықтарды тұтына отырып ел алдына шыққандарында жаңа белдеулерді, оған қоса жаңа қалыптасқан ақындық дәстүрді жаңа нұсқада жалғастырады [1, 47-48].

Зерттеуші ұйымдарға да жауапкершілік артылады. Соңғы жылдары ақындар және ақындық дәстүрімен байланысты зерттеулердің жасалып кітап түрінде басылуы қуантарлық жағдай. Дегенмен зерттеу бағыттарында мүмкіндігінше бірліктің болуы одан да қолайлы жағдай туғызар еді. Жоғарғы оқу орындары қорытынды жиындарда және ұйымдастырған салтанаттарда ақындық айтыстарға орын беріп кейінгі ұрпаққа бұл түрдің ләззатын сездірулері керек.

Қорыта келгенде, түркі мәдени бірлігінің ортақ жемісі болып саналатын айтыс түрі ақындық дәстүрді және ұлттық мәдениетті жеткізу қызметінің рөлін жалғастыруы керек. Бұл әрі бүгінгі күн мәдениетінің жалғасы бола отырып әрі ақындық дәстүрдің одан әрі өмір сүруінің ажырамас бөлшегі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Артул Е. 1-ші Емлек йореси ве чевреси халк озанлары семпозиуму билдирилери. Анкар: Кулоглу Матбаажылык, 1999.
2. Түрк дүнясы едебияты тарихи. Анкара: Ата түрк Күлтүр Меркези Башканлығы Яинлары, 2003.
3. Гюнай Т. Түрк халк шииринде илк деишме (Мүшаа-

ре) өрнеклері», Улуслар арасы фольклор ве халк едебияты семинари билдирилери (27-29 Еким 1975). Анкара, 2003.

4. *Ивгин Х.* Халк шииринде дедиим-деди, II. Миллетлерарасы түрк фольклор конгреси билдирилери II. Жилт: Халк едебияты, Анкара, 1976.

5. *Велиев В.* Әзірбайжан фольклоры. Бақу, 1985.

6. *Жармұхаммедов М.* Айтыс. Алматы, 1988.

7. *Гюнай У.* «Ашык тарзы едебият хаккында дүшүнджелер» Мехмет Каплан ичин. Түрк күлтүрү араштырма енститүсү яинлары. Анкара, 1998.

8. *Туран III.* Түрк күлтүр тарихи. Билги яиневи. Анкара, 1990.

9. *Диздароглу Х.* Халк шииринде түрлер. Анкара үн. Басымеви, Анкара, 1969.

10. *Кафкасиялы А.* Ашык Мурат Чобаноғлу – хаяты санаты ве есерлери, Анкара, 1998.

11. *Дүзгүн Д.* Ашык яшар рейхани ихсани-хаяты санаты ве шиирлеринден сечмелер, Ататүрк үнв. Басымеви, Ерзурум, 1997.

12. *Өзарслан М.* Ерзурум ашыклык геленеги, Акчаг яинлары. Анкара, 2001.

13. *Әуезов М.* «Совет ақындарынын айтысы». Айтыс I. том. Алматы: Жазушы, 1966.

14. Айтыс. Алматы: Жазушы, 1966.